

FTAXP 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

**Қабыл А.Ә.\***

аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

### **ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМЫ - ТАРИХИ МҰРА (КӨНЕ ЖӘДІГЕР ІЗІМЕН)**

\*Автор-корреспондент: [Algabek-kabyl@mail.ru](mailto:Algabek-kabyl@mail.ru)

**Түйін:** Ұсынылып отырған зерттеуде қазақ халқының ертеден жалғасқан қолөнер бұйымы – киіз үй сықырлауығындағы ою-өрнектердің дүниетанымдық мәні туралы баяндалады, сонымен бірге тарихи-мәдени мұра ретіндегі маңызын кейінгі жас ұрпақ өкілдеріне насихаттай отырып, сақтап, жеткізуді мақсат тұтқан. Бүгінгі таңда еліміздің ертеден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық мәдениет пен өнеріміздің тегін тектеу, болмысын тану, оның асыл нұсқаларын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру өскелең өмір талабы болып отыр. Осы негізде материалдық және рухани мәдениет мұралары, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау, қорғау мен жаңғырту мақсатында көптеген маңызды іс-шаралар атқарылып жатыр. Халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын, ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен қолтаңбасы – ескерткіш мұраларымызды өнеге тұтпай жастарды ізгілікке, парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Қолөнер әрбір халықтың көне тарихымен біте қайнасып, келе жатқан дәстүрлі өнер. Басқа халықтар секілді қазақ халқының қолөнері де ғасырлар бойы дамып, жетіліп халық тұрмысына сіңіудің нәтижесінде оның ұлттық мәдениетінің күрделі саласында айналды. Зерттеудің маңызы да осында. Егеменді еліміздің мемлекеттік рәмізінде құрылымдары көрініс тапқан киіз үйді сәулеттендіру өнері асқан шеберлікті қажет етті. Халқымыздың негізгі баспанасы болған киіз үйдің жасалуында адамзаттың астрономиялық, математикалық, физикалық, философиялық, өмірлік тәжірибесіндегі ғылыми танымы көрініс тапқан. Киіз үйдің әрбір бөлшегі әлі де болса жете зерттеуді қажет ететін халық мұрасының киелі үлгісі.

**Кілттік сөздер:** материалдық мәдениет, мәдени мұра, қолданбалы қолөнер, киіз үй, ағаш бұйымдары, сықырлауық, ою-өрнек.

МРНТИ 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

**Қабыл А.А.\***

старший преподаватель, ЮКИУ им.М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### **РЕМЕСЛЕННОЕ ИЗДЕЛИЕ - ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ (ПО СЛЕДАМ ДРЕВНОСТЕЙ)**

\*Автор-корреспондент: [Algabek-kabyl@mail.ru](mailto:Algabek-kabyl@mail.ru)

**Аннотация:** В исследовании изучается мировоззренческое значение орнаментов на юрте сықырлауық, старинном народном ремесле и ставится цель сохранить и передать будущим поколениям ее значение как исторического и культурного наследия, а также популяризировать ее. Сегодня все большее значение приобретает признание неотъемлемой ценности нашей национальной культуры и искусства, стремление сопровождать их благородные проявления в духовном пути истории. На этой основе осуществляется множество важных мероприятий по сохранению, защите и реставрации материального и духовного культурного наследия, исторических и культурных памятников. Невозможно привить молодежи добродетель и мудрость, не сохраняя добрые традиции и мудрость нашего народа, монументальное наследие, оставленное нашими предками. Ремесла – это традиционные виды искусства, неразрывно связанные с древней историей каждой нации. Как и у других народов, ремесла казахского народа развивались и совершенствовались на протяжении веков, став неотъемлемой частью жизни народа и сложной составляющей его национальной культуры. Искусство украшения юрты, конструкция которой нашла отражение в государственном символе нашей суверенной страны, требовало высокого мастерства. Создание юрты, основного

жилища нашего народа, отражает научные знания человечества в области астрономии, математики, физики, философии и жизненного опыта. Каждая часть юрты – это священный образец национального наследия, который еще предстоит детально изучить.

**Ключевые слова:** материальная культура, культурное наследие, прикладные ремесла, юрта, изделия из дерева, сыкырлауык, украшения.

IRSTI 03.20.00.

<https://orcid.org/0000-0002-2883-538X>

**Kabyl A.A.\***

senior lector, M. Auezov SKRU. Shymkent, Kazakhstan

## **HANDICRAFTS-HISTORICAL HERITAGE (IN THE FOOTSTEPS OF ANTIQUITIES)**

**\*Correspondent author:** Algabek-kabyl@mail.ru

**Abstract:** The article describes the ideological significance of the ornaments on the sykyrlauyk yurt, an ancient folk craft, and aims to preserve and pass on to future generations its significance as a historical and cultural heritage, as well as to popularize it. Today, the recognition of the intrinsic value of our national culture and art, and the desire to accompany their noble manifestations in the spiritual path of history, are becoming increasingly important. On this basis, many important measures are being taken to preserve, protect and restore the material and spiritual cultural heritage, historical and cultural monuments. It is impossible to instill virtue and wisdom in young people without preserving the good traditions and wisdom of our people, the monumental legacy left by our ancestors. Crafts are traditional forms of art that are inextricably linked with the ancient history of each nation. Like other nations, the crafts of the Kazakh people have developed and improved over the centuries, becoming an integral part of the people's lives and a complex component of their national culture. The art of decorating the yurt, the design of which is reflected in the state symbol of our sovereign country, required a high level of skill. The creation of the yurt, the primary dwelling of our people, reflects humanity's scientific knowledge in the fields of astronomy, mathematics, physics, philosophy, and life experience. Each part of the yurt is a sacred example of national heritage that remains to be studied in detail.

**Keywords:** material culture, cultural heritage, applied crafts, yurt, wood products, jewelry.

### **Кіріспе**

Материалдық мәдениеттің тамаша мұралары – қазақ халқының тұрғын үйлері, жас шамасына қарай ерекшеленген ұлттық киімдері, қару-жарақтары, үй жиһаздары мен қолөнер бұйымдары. Терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұраларының пайда болуында және пайдалануында белгілі бір ғылыми негіз, өркендеулік-тәрбиелік толғам, табиғат пен адам өмірінің берік байланысын тани білуден туған білімдердің талғам-түсінігі мол қажеттілігі бар. Тақырыптың өзектілігі де осында. Бүгінгі таңда мәдени мұраларымызды әлемге танытып, кең түрде насихаттау жүзеге асуда. Атап айтар болсақ, 2003 жылдан бастап қазақ жеріндегі тарихи және мәдени ескерткіштер ЮНЕСКО-ның «Әлемдік мұра» тізіміне енген болатын. Ал жуырда, қазақтың дәстүрлі «Ою-өрнегі» ресми түрде ИСЕСКО-ның Ислам әлемі мұралары тізіміне еніп, тиісті шешімнің 2026 жылы 11 ақпанда өткен ИСЕСКО-ның Ислам әлемі мұралары комитетінің 132-сессиясында қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин facebook-тағы өз парақшасында жариялады. Осы жерде «Ою-өрнек – мәдени бірегейлігіміз бен тарихи сабақтастығымызды нығайтуға ықпал ететін негізгі этномәдени код. Ою-өрнектің ИСЕСКО-ның беделді тізіміне енуі - Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудегі маңызды қадам» деп атап көрсеткен. Зерттеулік мақаланың мақсаты ұлтымыздың ертеден жалғасқан қолөнер бұйымы болып табылатын киіз үй сықырлауығындағы ою-өрнектердің дүниетанымдық мәні туралы баяндай отырып, тарихи-мәдени мұра ретіндегі маңызын кейінгі жас ұрпақ

өкілдеріне насихаттау, сақтап, жеткізу болып табылады.

Қолөнер түрлерін тарих, этнография тұрғысынан сипаттайтын негізгі әдебиеттерге шолу жасайтын болсақ, академик Ә. Марғұланның «Казахское народное прикладное искусство» (үш томдық), Ә. Тәжімұратовтың «Шебердің қолы ортақ», Ө. Жәнібековтің «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Жаңғырық», «Жолайрықта», С. Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері», Х. Арғынбаевтың «Қазақ халқының қолөнері» және т.б. еңбектері үлкен маңызға ие.

Қазіргі кезде қолөнерге қатысты өнертану, тарихи-этнографиялық, педагогикалық зерттеулер мен сөздіктерде берілетін анықтамалар бар. Тарихшы, этнограф М. Мұқанов «бірнеше заңдылық жүйесінің негізінде белгілі бір ою-өрнектердің стилін немесе әртүрлі стиольдік қосындысын (синтез) көрсете алатын, қандай да бір бұйымға ирек сызықты және геометриялық фигуралардың көмегімен стильдік қалыпқа түскен элементтердің бейнесімен тұратын алуан түрлі әшекей» десе, К. Ибраева «адамға қажетті тұрмыстық идеяларды шартты символикалық пішінде суреттейтін бейнелеу өнерінің айрықша бір түрі» деп айтады. К. Ералин «қазақ ою-өрнегі – көркем бұйымдарды әшекелеудің ең басты көркемдік элементі» деп жазса, Ж. Балкенов «қазақтың ұлттық өрнегі – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы» дейді [1,6].

Материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналған баспана көне дәуірлерден бері адамдардың іс-әрекетінің жемісі ретінде қоршаған ортамен өзара тығыз байланыста қарастырылып келе жатыр. Табиғат жағдайы мен географиялық бітімге ыңғайланып қалыптасқан шаруашылық халықтардың тұрмыс-салтын анықтады. Адамзат баласы табиғи ортаға бейімделу барысында жер бедерінің ыңғайына қарай баспана мен тұрғын жайларды сала бастады. Қазақтың көшпелі мал шаруашылығының өріс, қоныстары жылдың төрт маусымына қарай қыстау, көктеу, жайлау және күздеу деп төртке бөлінді. Әдетте көктеу мен күздеу бір орында болды. Қыстауда малшылар құйма кесектен немесе соқпа тамнан немесе тастан қаланған үйлерде, орманды өңірлерде ағаштан қиылған үйлерде қыстады, жылдың басқа мезгілдерінде киіз үйде отырды.

Көшпелі өмірге ыңғайлы тұрақ, жылжымалы негізгі баспана, яғни көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй – киіз үй. Ол тез жығылып, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықталып жасалды. Яғни, алып жүруге қолайлы тұрғын үйінің негізгі түрі болып табылатын киіз үй әбден жетілдіріленге дейін күрделі де ұзақ жолдан өтті. Киіз үйдің пайда болуы қола дәуіріне тура келеді (б.з.б. 3 мың жылдық). Алып жүруге қолайлы тұрғын үйдің ең жетілдірілген түрі ретінде киіз үй қазақтардың тұрмыс салтына бәрінен де гөрі сәйкес келеді, ол – адамның табиғатпен өзара байланысының, оның қоршаған ортаға сіңісуінің нәтижесі. Халқымыздың негізгі баспанасы болған, бүгінгі таңда мемлекетіміздің рәмізінде құрылымдары көрініс тапқан киіз үйді сәулеттендіру өнері асқан шеберлікті қажет етті. Халықтың астрономиялық, математикалық, физикалық, философиялық, өмірлік тәжірибесіндегі ғылыми танымы ұдайы жетіле отырып, киіз үйде ұштасады. Халық мұрасының киелі үлгісі - киіз үйдің әрбір бөлшегі әлі де болса жете зерттеуді қажет етеді.

Тарихнамалық шолуда отандық зерттеушілердің жұмыстары бойынша берілген методологиялық ұстанымдары мен жасаған қорытындылары, сонымен бірге тарихи-салыстырмалы талдау тәсілдерінің мүмкіндіктері қолданылды. Мәдениеттану, өнертану салалары бойынша жарық көрген оқу құралдары, сонымен бірге тарихи-этнографиялық және педагогикалық зерттеу еңбектері мен сөздіктер қосымша материалдар ретінде қарастырылды.

### **Теориялық талдау**

### **Материалдармен әдістер**

Халық тұрмысында жиі қолданылатын мүсіндеу, бейнелеу, ою-өрнек салу сияқты

шығармашылық өнер жиынтығы қазақ халқының қолөнері. Әрбір қолөнер түрлерінің тарихы көптеген ғасырды қамтиды. Халықтың өмір тіршілігіне керекті баспана салуды тұрмыстық кәсіп етіп отырды. Сол баспананың құрылымы да ерекше. Киіз үйдің ағаштан жасалатын сүйегін, шаңырағы, кереге, уықтарын, есігін, басқа да көптеген заттарын әртүрлі нақышта әшекелейтін де халық арасынан шыққан нағыз шебер мамандар болды.

Ел ішінде кең тараған қолөнердің бірі ағаш ұсталарының өнері болды. Халық арасында ағаш өңдеудің барлық түрін жетік меңгерген адамды ағаш ұстасы немесе ісмер деп атаған. Олардың арасынан бұйымды асқан шеберлікпен жасай білетін «он саусағынан өнер тамған» ұсталар шыққан. Негізінен ағаш өңдеумен ер адамдар шұғылданды. Әр ұста өз жұмысын жеке атқара отырып, өз істерінің құпиясын атадан балаға мирасқа қалдырды. Олар бедерлеу, тесіп ою (шілтерлі), үш қырлы қуыстау секілді ағаш ою тәсілдерін ойлап тапты. Хас шебердің қолынан шыққан аса қымбат бұйымдар мен жиһаздар ел ішінде аса жоғары бағаланды. Көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс жағдайында жиһаздар жеңілдігімен, аз орын алатындығымен, алып жүруге қолайлылығымен ерекшеленді. Жалпы алғанда, ұсталардың тұрмыста қолдануға ыңғайлап, сырт келбетін келістіріп жасаған жиһаздары өзінің көркемінен де көз тартады. Киіз үй құрылымдары да осындай өнер бұйымдарының қатарында.

### **Тәжірибелік бөлім**

Қазақ халқының тұрмыс, тыныс-тіршілігінде ағаштан жасалған заттар кеңінен қолданылады. Әсіресе ағашты ата-бабаларымыз киелі санаған. Қазақ халқының кеменер ғалымы Шоқан Уәлиханов «Тәңірі» атты еңбегінде біздің ата-бабаларымыздың әдеттен тыс табиғат құбылыстарын қасиетті санайтындығын айта келе: «Айдалада дара өскен ағаш... тәу етіп, басына түнеуге жарап жатыр. Жанынан өткен әрбір жолаушы оларға ырым етіп, әлем байлап, жанына ыдыс-аяқ тастап кетеді... басына құрбандық шалады», – деп жазса, түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасы саналатын «Қорқыт Ата кітабында» да тікелей ағашқа бағышталған айшықты сөз бар. Бұл жалғаннан біз ағаштың қазақ тұрмыс тіршілігіндегі қолданыс орнымен қатар, оның ата-баба таным, түсінігінен алар жүйесін де өте айқын байқай аламыз [2,6]. Ағаштан бедерлі, әшекейлі суреттер, ою-өрнектер жасау, яғни ағаштан "түйме түйу" де халқымыздың ертеден келе жатқан дәстүрлі өнерлерінің бірі. Ағашқа оюлар оюдың көркемдік мәнері үйге көрік берерліктей нақышталған басқа да бұйымдардағы ою-өрнекпен түр-түсі жағынан ұқсас, тіпті толықтырып тұрушы әсем де сәнді келеді. Халық арасынан шыққан сүйектен ою оятын шеберлер де, ағаш ұсталары да ер адамдар болды. Ағаштан оюлар оюдың да өзіндік әдіс-тәсіліне байланысты түрлері болған. Бүгінде музейлердегі экспонаттар, оның ішіндегі ағаш бұйымдарының көркемделуін зерттей келе ағаштың көркемделуін ағаштың бетін көркемдеудің бірнеше түрлерін ашуға мүмкіндік болды.

XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің сүйегін жасау, ағаш өрнектеу кең өріс алды. Қазақтың өрнекті әшекейімен істелетін қолөнер түрлерінің ішінде халық арасына ең көп таралғаны – ою-өрнек. Ою-өрнек (латынның ornament – латынның әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан) – үйлесімділікпен бірқалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар [1,5]. Ою-өрнек ісі ерте заманнан бастап қолөнердің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекелеудің негізі болып келді. Қазақтың ою-өрнектерінің түрлері де, атаулары да көп болса олардың кейбір заттық ұғымдары да бар. Халық ауыз әдебиетінде сақталып келген өлең-жырларда, археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған материалдық мұраларда, кездесетін өрнектер мен суреттер, жұлдызшалар мен айшықтар, таңбалар мен әшекей әріптер тарихи этнографиялық мұралар. Халықтың осындай ою-өрнектерінің ішінде ру таңбаларының элементтері жиі ұшырайды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Ертедегі қазақ оюларын іріктегенде негізінен үш түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі заттардың сыртқы бейнесін береді.


Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-өрнектерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Халық мұндай адамдарды оюшы деп атады. Оюшылықты өз дәуірінде суретшілік өнердей күрделі өнер деп санады. Әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан таңдаулы оюшылар болды. Ондайлар өз өнерінің тамаша үлгісін өзінің руына, маңайындағы елдерге таратып отырды [3,12]. Үй кәсіпшілігі сәндік-қолданбалы өнермени тығыз байланысты болды, әрбір зат дерлік өзінің тікелей мақсатымен қоса өрнектеліп, безендірілді.

Қазақтың ұлттық қолөнерінде ең көп танымалы ағаштан жасалатын заттар. Халықтың байырғы ұлттық баспанасы киіз үй өзіндік ерекшеліктерге сай дүниетанымдық өнер үлгісі. Қазақ үйлерінің шаңырақ, уық, кереге, маңдайша, табалдырық деп аталатын ағаш құралдарының бірі – сықырлауық. Сықырлауық – киіз үйдің әшекейленіп жасалатын сәнді түрдегі есігі. Бұл ортасынан ашылып жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа көкпен немесе шот ілмек арқылы ұстасады да, ашып, жапқанда сықырлап тұрады. Сықырлауықтарды көздеп, оймалап, сүйектеп, бояп жасайды.

Біз зерттеу мақаламызға арқау етіп отырған бұл қолөнер бұйымын Қызылорда облысы Қазалы қаласында тұратын Бағдат Шендібаев сақтауда. Бағдат Әлиұлы Қ. Нұрмаханов атындағы № 95 орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарады. Оның айтуы бойынша Қойлыбай аталығынан тарайтын Қайырла деген атаның әкесі Жексенбай болса оның әкесі Бақберген Сыр бойында 22 жыл болыстық қызмет атқарған. Бақберген атаның XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында тұтынған киіз үйдің сықырлауық есігі қазақ қолөнерінің үлгісі болып табылады. Көненің көзін бүтіндей шапқан ағаштан оюлап ойып істеген. Сол кезеңде шеберлерге арнайы тапсырыс беріп киіз үйдің ағаш құрылымын бір нардың құнына жасатқан екен, бұл тапсырыс берушінің де, қабылдап алушы шебер ұсталардың да өз істерін кәсіби түрде меңгеруімен қатар ұлтымыздың дәстүрлі мәдениетін насихаттаушылар болды, аталған қолөнер бұйымының маңыздылығы да осында.

Кеңестік биліктің 1920-30 жылдардағы жүргізген солақай саясаты - 1928 жылы 27 тамызда қабылданған «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» декреті болды [4, 210].

Елдің дәулетті адамдарынан өз еңбектерімен тапқан мал-мүлікті тартып алып, тәркілеуге ұшыраған сол зұлмат кезеңінде киіз үйді «кеңес өкіметіне бермеймін» деп әкеден балаға жеткізіп, сосын Шендібай атаға беріп кетеді. Қазір киіз үйдің құрылымдық бөліктерінің тозығы жетсе де сақталып отыр. Біз есік сықырлауығының ерекшелігіне байланысты ою-өрнектерінің мән-маңызына тоқталып отырмыз.



Сурет – 1. «Төртқұлақ» оюы

Сықырлауықта қазақ оюының негізгі сарындары болып келетін зооморфты – қаз мойын және космогониялық шеңбер мен төртқұлақты оюлар өрнектелген. «Төртқұлақ» оюы жоғарыда аталғандай зооморфтық ою-өрнекке жатады. Оюдың мағынасы дүниенің төрт бұрышын көрсетсе, оның екінші мағынасы төрт жағы түгел, молшылық, береке деген ұғымды да береді [5, 21].

Ою-өрнек өнерінің белгілі бір халыққа ғана тән негізгі стильдік ерекшеліктері сол халықтың бейнелеу, әсемдікті қабылдау мәдениетінің басты белгілерімен, ұлттық қолтаңбамен тікелей сабақтасып жатады.

### Қорытынды

Әрине, қазақтың ою-өрнек өнері бүгінге дейін толығымен зерттеле қойған жоқ. Дегенмен, бұл өнер саласының белгілі бір дәрежеде жүйеленуіне бірқатар ғалымдар мен өнертанушылар, тарихшылар мен этнографтар атсалысып, үлес қосты. Осындай игілікті істің нәтижесінде ою-өрнекті өнертану ғылымында көкөніс өрнек (жапырақ, үш жапырақ, шиыршық, гүл, ағаш және т.б.), зооморфтық өрнек (жан-жануарлардың табиғи және фантастикалық бейнелері, қошқар мүйіз және оның түрлі нұсқалары: қос мүйіз, қыңыр мүйіз, сынық мүйіз, сондай-ақ табан, өркеш, қаз мойын және т.б.), геометриялық өрнек (сүйір, шаршы, шаршы мен тұмарша, жұлдызша, көпбұрыш, балдақ, қармақ және т.б.), космогониялық өрнек (дөңгелек, төрт құлақ, шұғыла, шимай, бітпес және т.б.) деген топтарға бөлу қарастырылған [6]. Ұсынылып, көрсетіліп отырған сықырлауықта (суретте) космогониялық және зооморфтық өрнектермен қатар геометриялық өрнектің де салынғанын көреміз.

Қолөнер әрбір халықтың көне тарихымен біте қайнасып, келе жатқан дәстүрлі өнер. Басқа халықтар секілді қазақ халқының қолөнері де ғасырлар бойы дамып, жетіліп халық тұрмысына сіңудің нәтижесінде оның ұлттық мәдениетінің күрделі саласында айналды. Қазақ халқы-кең байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңағыртып байытушы. Жергілікті көне мәдениет сырттан келген мәдениет элементтерінің сан толқынын бойына сіңіріп, үнемі жаңғыру үстінде болды. Осындай толыссыз дамудың нәтижесінде ХІХ

ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Асанова Б., Птицина А., Әбдіғапбарова Ұ. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің тарихы және теориясы: Оқулық. 2-басылым. Астана. Фолиант, 2012. 208 б.
2. Байділдаұлы Шөптібай. Қазақтың ою-өрнектері. Альбом (1-кітап). Алматы: «Өнер», 2006. 160 б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. Алматы. Қазақстан, 1995. 240 бет.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 4-том. Алматы. «Атамұра», 2010. 752 б.
5. Тілеубекұлы Тоғанбек. Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдары: Оқу құралы. 2-басылым. Астана, Фолиант, 2012. 136 б.
6. Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері. Орыс тілі мен ағылшын тіліне ауд. Жәмекова Ұ. Қазақстан «Қанағат» ЛТД, 1993. 56 б.
7. Қайрат Мұқаметқалиев. Ұлттық қолөнерді ұрпақ білсе... ANA TILI ұлт газеті 22 мамыр 2025 жыл № 21, Б.6

#### Reference liste:

1. Asanova B., Ptisina A., Abdıgapbarova U. Qazaq ulttyq oiıu-ornekterinın tarihy zhane teoriasy: Oqulyq. 2-basylym. Astana. Foliand, 2012. 208 b.
2. Baidildaulı Schoptıbai. Kazaktynoiu-ornekteri. Albom (1-kitap). Almaty: «Oner», 2006. 160 b.
3. Kasimanov S. Kazak halqynyn qolonerı. Almaty. Kazakstan, 1995. 240 bet.
4. Kazakstan tarihy (kone zamannan buginge dein) Bes tomdyq. 4-tom. Almaty. «Atamura», 2010. 752 b.
5. Tileubekuly Toganbek. Kazaktyn oiıu-ornekteri men zergerlik buiymdary: Oku kuraly. 2-basylym. Astana, Foliand, 2012. 136 bet (B.21)
6. Tolenbaev S., Omırbekova M. Kazaktyn oiıu-ornekteri. Orys tılı men aғыlsyn tiline aud. Zhamekova U. Kazakstan «Kanagat» LTD, 1993. 56 b.
7. Kairat Muqametqaliev. Ulttyk kolonerdi urpak bilse... ANA TILI ult gazeti 22 mamyr 2025 zhyl № 21, b.6

Жауапты автор туралы мәлімет (толық аты-жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Қабыл Алғабек Әділбекұлы** - М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы. 8-702-951-18-76, [Algabek-kabyl@mail.ru](mailto:Algabek-kabyl@mail.ru)